

АДАМ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР САЯХАТ ТУРАЛЫ

ҚР Президентінің жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты қазақстандықтардың басқа елдерге саяхат жасады ма, жоқ әлі жасамады ма және олар бұл туралы не ойлайды деген сұрақтарға жауаптарымен таныстырады.


27 қыркүйек – Дүниежүзілік туризм күні, ол 1979 жылы бекітілген және халықаралық қауымдастықтың назарын туризмнің маңыздылығына, оның әлеуметтік, мәдени және экономикалық мәніне назар аударуға бағытталған.

Коронавирустың жер жүзі адамдарының өміріне айтарлықтай өзгерістер енгізгеніне бір жылдан астам уақыт өтті. Бұл, ең алдымен, ел ішінде және басқа елдерге саяхат жасау мүмкіндігіне әсер етті. Ескі ковидалды кезеңді еске түсіруді, 2019 жылғы әлеуметтанулық зерттеудің нәтижелеріне жүгініп, респонденттердің «Сіз әлемнің әртүрлі елдерінде бола алдыңыз ба?» деген сұрақтарға берген жауаптарынымен танысуды жөн көрдік.

Респонденттердің жартысына жуығы басқа елдерге саяхатқа баруға үміттенеді. Осылайша, респонденттердің **46,7%-ы саяхаттарға оң көзқараспен қарайды және олар қолжетімді деп санайды.**

Сауалнамаға қатысқандардың 26,3%-ы барғысы келер еді, бірақ олар әртүрлі елдерге бара алатындығына күмәнданады.

Жиһан кезуді аңсамайтындардың да үлесі аз емес, олар өздерін үйде жақсы сезінеді – 14,1%.



1-сурет. Сіз әлемнің әртүрлі елдерінде бола алдыңыз ба?

Саяхаттау әлемде қанша қызықты оқиғалар болып жатқанын және өмір бізге қандай мүмкіндіктер беріп отырғанын білуге көмектеседі. Жақын арада коронавирусты жеңудің арқасында, әрқайсымызға саяхаттардың барлық қуаныштарын сезінуге мүмкіндік береді деп сенеміз!

Зерттеу әдістемесі:

Сауалнама әдісі – маршруттық квоталық іріктеме негізінде тұрғылықты мекенжайы бойынша респондентпен сұхбат.

Іріктеме – республикалық маңызы бар 3 қала және 14 облыстағы 59 қалалық елді мекен және ауылдық жерлердегі

18 жастағы және одан асқан 2000 респондент.

Статистикалық қателік 3,5%-дан аспайды.

Өткізілу мерзімі – мамыр 2019 ж.